

**№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жаңындағы мектеп-интернатымен) КММ
Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМА №1**

Откізілу күні: 31 тамыз 2022 ж

Уақыты: 10:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.

Хатшы: Байдуллаева А.

Күн тәртібінде:

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер :

1. 2022-2023 Мектепттің жаңа өзекті мәселесімен, мақсат, міндеттерімен таныстыру.

Мектеп-гимназия директоры: Культаева Э.К.

2. «2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарындағы ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» (әдістемелік нұсқау хатқа шолу). Директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары-Алмаханова Л.Т.

3. 2022-2023 Жаңа оку жылындағы оку жүктемелерімен таныстырып, оку жылының жұмыс жоспарын талқылау, тандау және бекіту. Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары - Абдуллина А.Б.

4. Үйірме, секцияларға жүктеме беріліп, жетекшілер тагайындау жөнінде. Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б. Дүйсембай А.Қ.

5. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін талқылап, бекіту. Әдеп кенесі жайлы түсінік беру. Мектеп-гимназия директоры: Культаева Э.К.

6. Мектеп – гимназиядағы тәрбие беру жұмысының мәселесі. Класс жетекшілердің лауазымдылық міндеттері, білмалушылардың қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Дүйсенбай А.Қ.

7. ЕББҚ бар оқушылардың құжаттарымен жұмыс. Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И.

8. Интернаттың 2022-2023 оку жылының жұмыс жоспары. Интернаттың ішкі тәртіп ережелері. Күн тәртібімен таныстыру. Интернат менгерушісі: Таймова А.С.

Тыңдалды:

1 – мәселе бойынша: Мектеп-гимназия директоры: Культаева Э.К. 2022-2023 Мектепттің жаңа өзекті мәселесімен, мақсат, міндеттерімен таныстыруды.

«Білімнің басты құндылықтары: отаншылдық, білімге құштарлық, еңбеккорлық бағытталған білім беру принциптерін ұстана отырып, білім сапасын нәтижеге бағыттау.»

Мақсаты: Білім алушылардың бойында терең білім, еңбеккорлық және отаншылдық касиеттерді қалыптастыра отырып, нәтижеге бағытталған сапалы білім беруге жұмыстану.

Міндеттері:

- ✓ білім алушылардың білімін толықтыру;
- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- ✓ цифровық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- ✓ инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

2 – мәселе бойынша: Директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары-Алмаханова Л.Т. «2022-2023 оку жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарындағы ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» (әдістемелік нұсқау хатқа шолу) таныстырып етті.

✓ Мектеп алдыңда даярлық сыйыптарына арналған Үлгілік оку жоспарлары мен Үлгілік оку бағдарламаларын өзгерту

- ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оку аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оку аптасын құрайды Анықтама: Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 кун оку күндері-173 Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн
 - ✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оку жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады
 - ✓ «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оку жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды
 - ✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге болінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
 - ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
 - ✓ Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оку жоспарлары мен Үлгілік оку бағдарламаларын өзгерту
 - ✓ Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оку аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оку аптасын құрайды Анықтама: Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері-117 демалыс және мереке күндері - 75 кун оку күндері-173 Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны-192 күн
 - ✓ 1 сыныптар үшін Үлгілік оку жоспарындағы өзгерістер: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, - қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады
 - ✓ «Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оку жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды
 - ✓ «Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге болінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»
 - ✓ Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру
 - ✓ Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру
 - ✓ Балалар жылына арналған іс-шараларды өткізу
 - ✓ «Оқуга құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр» «Жылдыжайлар» және т.б. жобаларын іске асыру
 - ✓ «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу
 - ✓ Ертеден кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу
 - ✓ «Кәсіби бағдарлаушы педагогі» лауазымын енгізу
 - ✓ Жан басына шаққандагы қаржыландыру механизмін жүзеге асыру
 - ✓ Педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа ережелерін енгізу
 - ✓ Аймақтарға үздік педагогтерді тартудың арнайы бағдарламасын енгізу
 - ✓ «Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені», «Виртуалды мектеп», «Цифрлық мұғалім» пилоттық жобаларын енгізу

Күзгі каникул – 2022 жылғы 31 қазан-6 қараша (7) күн

Қызық каникул – 2022 жылғы 31 желтоқсан – 8 қаңтар (9) күн

Көктемгі каникул – 2023 жылғы 18 наурыз-26 наурыз (9) күн

1 сынып оқушылары үшін қосымша – 2023 жылдың 6 ақпан – 12 ақпан (7) күн

Жазғы каникул – 2023 жылғы 31 мамыр – 1 қыркүйек.

3 – мәселе бойынша: Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б.

2022-2023 Жаңа оку жылындағы оку жүктемелерімен таныстырып, оку жылының жұмыс жоспары талқыланып, таңдал және бекітілді.

2022-2023 оку жылында «№7 Хромтау мектеп-гимназиясы» КММ-нің білім беру процесін үйімдастыруда қолданыста болатын нормативтік құжаттарды негізге ала отырып, оку жұмыс жоспары жасалынды. Оку жұмыс жоспары педагогикалық кеңес пен қамқоршылық кеңесте қаралып, 1-4 сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадагы № 500 бүйрүгімен бекітілген баставаыш, негізгі орта білім берудің үлгілік оку жоспарының (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бүйрүгімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). 1а, 1ә, 3ә, 4б қазақ кластары үшін 1-қосымша, 2-орыс класы үшін 2 – қосымша,

2а,2ә,3а,4а,4ә қазақ гимназия кластары үшін 4-қосымша 3-орыс гимназия класы үшін 5 – қосымша, 5а,5ә,6а,6ә, 7а,8ә, 9ә қазақ кластары үшін 6 - қосымша, 7а, 8а, 9а қазақ гимназия кластары үшін 9 - қосымша, 10а, 10ә ,11 класс үшін 17- қосымша бойынша төмендетілген оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып, ата-аналар комитетімен қамкоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып, оқу жұмыс жоспары жасалынды.

Мектептің оқу жұмыс жоспарын құруда төмендегі қагидалар басшылықта алынды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандагы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына сәйкес тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны коршаган болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес білім берудің зайырлы, гуманистік және даму сипаты, адамның өмірі мен деңсаулығы, жеке адамның еркін дамуы, адамның құқыктары мен бостандықтарын құрметтеу, тұлғаны білімділікке ынталандыру және дарындылықты жетілдіруді қамтамасыз ету; Білім алушылардың білімін толькыту, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету, білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету, цифров құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету

4 – мәселе бойынша: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Абдуллина А.Б.

Үйірме, секцияларға жүктеме беріліп, жетекшілер тағайындау жөнінде аталаң кетті.

Үйірмелер: Әлкетану – Биржанов Р.А. 0,5 сағат

Экология – Махамбетов Қ.И. 0,5 сағат

Туризм – Жакуда Г.Н. 0,5 сағат

Мәнерлеп оқу - Культаева Э.К. 0,5 сағат

Мәнерлеп оқу - Алмаханова Л.Т. 0,5 сағат

Есептер шығару технологиялары – Абдуллина А.Б. 0,5 сағат

№7 Хромтау мектеп-гимназиясында өтетін спорттық секциялар түрімен, өткізетін жетекшілермен

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсембай А.Қ. таныстырып өтті.

Волейбол - ұлдар қыздар Бозғұлан Н.С. 4 аптастына сағат

Асық ату - Қарымсақ Е.Б. аптастына 4 сағат

Баскетбол қыздар - Есентаева А.А. аптастына 4 сағат

Баскетбол ұл балдар - Убайдулла Қ. аптастына 4 сағат

Волейбол қызы балалар - Сатмагамбетова Б.Т. аптастына 4 сағат

Шахмат - Курманов А.

Женіл атлетика – Қарымсақ Е.Б.

Тогызқұмалақ – Бозғұлан Н.С.

Үстел теннисі - Сатмагамбетова Б.Т.

Футбол - Курманов А.

Бес асық – Есентаева А.А.

5 – мәселе бойынша: Мектеп-гимназия директоры: Культаева Э.К. Мектептің ішкі

тәртіп ережелерін таныстырып, талқылап, бекітті. Әдеп кеңесі жайлы түсінік беріп өтті.

«Мектептің ішкі тәртіп ережелері» Окушы ережесі

Окушыларға арналған ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ережениң мақсаты: Қазақстан Республикасы жас азаматының жоғары адамгершілік

қасиеттерін тәрбиелеу және дамыту, окушыларға мектепте білім алуга қолайлы жағдай туғызу

және мектеп маңайында окушылардың жүріп тұруына қауіпсіздік жасау. Окушылар: мектеп

Жарғысын орындауға, мектептің, өзінің және басқаның мүлкін, мектеп ауласындағы тазалық пен

тәртіпті сақтауға және ұстаздар мен басқа жұмыскерлердің енбегіне құрметпен қарап мектепшілік

Тәртіп Е Р Е Ж Е Л Е Р I

1. Жалпы ереже

М И Н Д Е Т Т И

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заны 2007 жылы 27 шілде №319

51-бап. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

7) педагогтік әдеп нормаларын сақтауга міндетті

Этика - әдеп мәдениетін теориялық түргыдан сараптайтын философиялық ұғым.

Педагогикалық әдеп дегеніміз не?

Педагогикалық әдеп этикағының белгі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық әдептіліктерін көрсеткіштері:

Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктерін көрсеткіштері:

- кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас
- Тәртіпті болу, өзіне және балаларға қаталдықпен карау
- Эмоционалдық байсалдылық, әдептілік
- Ұжымдағы әріптестермен жақсы қарым-қатынас

Педагогтың өзінің алдына қойған жағарығы талаптардың көрсеткіштері:

- Әділ болу, балалардың берінің бірдей екендігін мойындау
- Өз мінез-құлдықтарына баға беру, өзін-өзі сынау
- Өзін-өзі үзбей жетілдіріп түру.

Педагогикалық әдеп:

- тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде
- сейлесу икемділігінде
- окушылардың іс-әрекеттерін үйымдастыра алу икемділігінде
- өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде
- ескертужасаған кезде
- баланың мінез-құлқына баға берген кезде
- мадактау және жазалай білу икемділігінде
- дауыс ыргағында

Педагогикалық әдептің ерекшеліктері:

- 1) ұстаздың қасіби мінез-құлдығындағы, іс-әрекетіндегі өлшем
- 2) ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, түрлерді, тәсілдерді тандау өлшемі

Әдептілік - педагогтың мінез-құлдығындағы ерекшелікке айналу керек.

6 – мәселе бойынша: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Дүйсенбай А.К.

Мектеп – гимназиядағы тәрбие беру жұмысының мәселесі:

Қазақстан Республикасындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бағыттарына сәйкес тәрбие жұмысын үйымдастыру және іске асыруды жалғастыра отырып, жан-жақты дамыған, рухани – адамгершілік қасиеттері бар, отансүйіш, тандау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ұлттық құндылықтармен рухтанған тұлға тәрбиелу.

Гимназиядағы тәрбие беру жұмысының мақсаты:

Білімді, адамгершілік құндылығымен рухтанған, жан - жақты тұлға тәрбиелу.

Міндеттері:

- Ел азаматын тәрбиелу жұмысын рухани адамгершілік, ұлттық тәрбие негізінде жүргізу.
- Шәкірт бойында ұлтжандылық, отан сүйігіштік сезімдерді қалыптастыру;
- Тәрбие ісін тартымды үйымдастыру арқылы окушыларды заман талабына сай қалыптастыру.
- Жеке тұлғаның әдеп ұстанымын қалыптастыру.
- Окушылар мен жастаңдардың өзіндік санасын дамытуға жағдай жасап, адамгершілік пен имандылықта толы, әдеп ұстанымы мықты жеке тұлға қалыптастыру.

Класс жетекшілердің лауазымдылық міндеттерімен, білмалушылардың қауіпсіздік ережелерімен таныстырып кетті.

Сынып жетекшісінің тәрбие қызметіндегі мақсаты:

Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері :

Сынып жетекшісінің негізгі қызметіне мыналар жатады :

Сынып жетекшінің лауазымдық міндеттері:

Сынып жетекшісі нені білуі тиіс:

Оку жылшының басындағы міндеті:

Күн сайынғы міндеті:

Апта сайынғы міндеті:

Ай сайынғы міндеті:

Тоқсан бойындағы міндеті:

Демалыс уақытындағы міндеті

Оку жылшының аяғындағы міндеті:

Көшеде жүру тәртібі мен қауіпсіздік ережесі

Көше ережелері туралы тыңдау.

Балаларды қатаң бақылаңыздар, оларды үлкендердің бақылауының қалдырмаңыздар. Балаларга тек арнағы жабдықталған орындар мен жерлерде үлкендердің қадағалауымен ғана шомылуға рұқсат етініздер. Балаларға үрлемелі матрацтармен, камералармен, тақтайлармен, үрлемелі ойыншыктармен жүзуге қатаң тыым салынады. Оларды жағадан жел немесе ағын алып кетуі мүмкін, ал бұл қөмек көрсетуге қындық туғызады.

7 – мәселе бойынша: Директордың оку ісі жөніндегі орынбасары: Махамбетов Қ.И. ЕББҚ бар окушылардың құжаттарымен жұмыс. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға ПМПК қорытындысы негізінде оку бағдарламаларын бейімдеу керектігін түсіндіріп өтті.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға тиімді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажет.

Инклюзивтік және үйден оқытылатын балалардың жинақтау, мерзімдерін тіркеу, бұйрық жобасын дайындау жұмысын сынып жетекшілеріне тапсырылды.

8 – мәселе бойынша: Интернат меншерушісі: Таймова А.С. Интернаттың 2022-2023 оку жылшының жұмыс жоспарымен, интернаттың ішкі тәртіп ережелерімен, күн тәртібімен таныстырыды.

1. Тәрбиеленушілердің бекітілген сабак кестесі бойынша сабак уақытындағы (08:00-14:00 аралығы) өмір және денсаулық қауіпсіздігі сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне жүктелсін.
2. Сабактан тыс уақытта мектеппен бекітілген үйірмелер мен спорт секцияларының кестесі бойынша тәрбиеленушілердің үйірме, спорт секцияларына қатысу уақытында өмір және денсаулық қауіпсіздігі үйірме, спорт секцияларының жетекшілеріне жүктелсін.

Шешім:

1. 2022-2023 оку жылшындағы ерекшеліктер бойынша жұмыстар жүргізілсін.

2. Жаңа оку жылшындағы жүктемелер, үйірмелер бойынша жоспарлар бекітіліп, жұмысы жалғасын тапсын.

3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері сакталсын.

4. Класс жетекшілердің лауазымдылық міндеттері өз деңгейінде орындалсын. Білімалушылардың қауіпсізді жандандырылсын.

5. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізілетін құжаттар уақытымен бекітіліп, жүргізілсін.

6. Интернаттың ішкі тәртіп ережелерін, күн тәртібін сақтай отырып, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін, бос уақытын тиімді пайдалану жұмыстары күшейтілсін.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:

Хатшы:

Ә.К. Культаева
А.Байдуллаева